

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми-Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары =Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука, новой формации - будущее Казахстана. - 2020. - Т.1, Ч.1 - Б.125-127

С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АҚ ҚАТУ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КАМПУСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЗДЫҚ ҚАТТЫ БИДАЙ ӨНІМДІЛІГІНЕ СЕБУ МӨЛШЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Жақсыбай А.

Жаздық қатты бидай - өсудің және дамудың барлық кезеңдерінде, жаздық жұмсақ бидайға қарағанда, ауылшаруашылық техникасына, топыраққа және жылуға көбірек талап қоятын дәнді дақылдың түрі. Ауылшаруашылығы өндірісінің шешуші факторларының біреуіне технологиялық әдістер жатады, атап айтқанда егу мерзімдері мен тұқым себу нормалары [1,2,3,4].

Әрінов Қ.К. Ақмола облысының құрғақ даласының күңгірт қоңыр топырағында таза сүрітанабында егіншілік мәдениеті жоғары шаруашылықтарда жаздық қатты бидайдың себу мөлшерін ұсынылған кепілдемелерден 25%-ға төмендетуді ұсынған. Бұл ертеректегі ұсынған осы кепілдемелер қазіргі кезеңде де күшін жойған жоқ [5].

Аймақтың күңгірт-қоңыр топырағында себу мөлшерінің астық өніміне әсері туралы ғылыми деректер, әрі себу мерзіміне байланысты оның өзгеруі жөнінде ғылыми мағлұматтар жасалынған. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықтағаны: Солтүстік Қазақстан аймағында жаздық бидайды суармалы жағдайда 2,5-3,0 млн/га өнгіш тұқыммен 15 – 20 мамырда себу жұмыстарын жүргізгенде жоғары астық өнімі жиналған, әрі оның егістік сапа көрсеткіштері (зертханалық өнгіштігі, өну қуаты ж.б) мен өнімділік қасиеттері де жақсы болған [6].

1991-2010 жылдары тұқымның себу мөлшері жаздық қатты бидай сорттарына астық өніміне әсеріне зерттеу жұмыстары жүргізілді. Танаптық тәжірибелер шаруашылықта өсірілетін Безенчукская 139 сортымен күңгірт-қоңыр үш себу мөлшерімен 2,5; 3,0 және 3,5 млн/га өнгіш тұқым салынды. Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде де жаздық қатты бидайдың астық өнімі жұмсақ бидай сорттарынан кем түспейтіндігі тағы да дәлелденді, әрі бұрынырақ белгілі болғанындай, күңгірт-қоңыр топырақтарда қатты бидайдың себу мөлшері жұмсақ бидай сияқты 2,5-3,0 млн/га өнгіш тұқым болып қала беретіндігін көрсетті. Қазіргі кезеңде өндіріске жаздық қатты бидайдың жаңа жергілікті жерге бейімделген сорттары ұсынылуда, алайда олардың өсіру технологиясы, әсіресе тұқымдық алқаптарда, түпкілікті жасалған жоқ [7,8,9].

2003-2005 жылдары Ақмола облысының «Агро-фирма Родина» және «Мария ЖШС-да күңгірт-

қоңыртопырақтардаарнаулызерттеужұмыстарынжүргізді.

ЗерттеуобъектісінеаймақтаөсіругерұқсатетілгенДамсинская 90 жәнекелешекті Омский корунд сорттарыалынды. Зерттеунәтижесіндетөмендегідейқорытындыларжасалып, өндіріскекепілдемелерберілді. Жаздыққаттыбидайастығыныңжоғары өнімі 22-мамырда 2,5-3,5 млн/га өнгіштұқымменсебілгенегістіктенжиналды–20,2-21,3 ц/га. Көпшілік жағдайларда Омский корунд сортында өнімнің арту байқалған. Мамыр айының соңында себіліп жиналған қатты бидайастығыныңтехнологиялық сапа көрсеткіштері жоғарыболған. Дамсинская 90 және Омский корунд сорттарындатиісінше клейковина мөлшері – 32,5-32,8 және 31-31,6 %, натуралықмассасы – 795-807 және 807-816 г/л, шынылығы – 86-дан 90%-ғадейін; тұқымныңзертханалықөнгіштігі МҰҚ талаптарына сәйкес келген [10,11].

2019 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақагротехникалық университетінің кампус жағдайында жаздық қатты бидай өнімділігіне себу мөлшерінің әсеріне бақылау жүргіздік. Себу жұмысына Дамсинская 90 сорты таңдалып алынды. Зертханалық зерттеулер барысында тұқым өнгіштігін жоғары дәрежеде көрсетті. Өнгіштігі – 99%, өсу энергиясы 90%. Егін себу жұмыстары топырақтың 10-11 см тереңдікте температурасы 10 градусқа жеткенде, яғни мамырдың 19 жұлдызында жүргізілді. Себу жұмыстары қолмен жүргізілді. Тұқым себу тереңдігі топырақ ылғалдығы ескеріліп 4-6 см тереңдікте жүргізілді. 1 кестеде жаздық қатты бидайдың себу мөлшеріне байланысты өнімділігі, өсімдіктер биіктігі және сақталуы көрсетілген.

Кесте 1 - Себу мөлшеріне байланысты жаздық қатты бидай сортының өнімділігі, биіктігі және сақталуы, 2019 жыл

Егудің нұсқалары, нормалары, өнімділігі 1 га млн	Өнімділігі, ц / га.	Өсімдіктердің биіктігі	Өсімдіктердің сақталуы, дана
2 млн	8,8	57	175
2,5 млн	9,3	57	181
3 млн	10,6	58	188
3,5 млн	11,8	58	190
4 млн	9,1	57,5	197

Себу нормалары гектарына ретімен 5 вариантта 1) 2млн; 2) 2,5 млн; 3) 3млн; 4) 3,5 млн; 5) 4 млн; тұқым санымен себілді. Өсімдіктердің биіктігінде айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Тәжірбиедегі ең ұзын өсімдіктер себу мөлшері 3- 3,5 млн/га болғанда байқалды. Өсімдік биіктігі 58 см. Өсімдіктердің сақталуы бойынша көрсеткіш 175-197 аралығында болды. 4 млн/га тұқым енгізілген нұсқада ең көп өсімдік сақталған-197 өсімдік. Ең аз көрсеткіш 2 млн/га тұқым енгізілген нұсқада 175 дана өсімдік.

Жаздық қатты бидай сорттарының тұқым себу нормалары өсу мен

даму ерекшеліктеріне әсер етеді. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы әр нұсқада әр түрлі болды. Себу мөлшеріне байланысты ең аз мөлшердегі 1 нұсқада (2 млн) өнімділігі 8,8 ц / га болды. Себебі арамшөптердің өсіп дамуына қолайлы жағдай болып саналады. Ал ең көп мөлшердегі 5 нұсқада (4млн) тығыз орналасуына байланысты өнімділігі аздау көрсеті, яғни бұл экономикалық жағынан тиімсіз болып табылады. Жақсы өнімділік көрсеткен 3 (3млн) және 4 (3,5млн) нұсқалары экономикалық жағынан тиімді болып саналады. Себу нормасының ұлғаюымен бидайдың өсімдік массасының көбеюі және арамшөптер массасының азаюы байқалады. Дамсинская 90 сортының ең аз өнімділігі 2,5 млн. дана/га (8,8 ц / га) тұқым себу нормасының нұсқасында болды, себу нормасының ұлғаюымен өнімділік артты және ең көп мәндерге себу нормасы 3,5 млн. дана/га (11,8 ц / га) болғанда жетті, бұл бақылауға карағанда 20,5% - ға жоғары болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Гутова Т.Н. Влияние сортовых особенностей, норм высева и сроков посева на формирование продуктивности яровой твердой пшеницы в условиях лесостепной зоны Кемеровской области / Т.Н. Гутова// Исследовательская и инновационная деятельность учащейся молодежи: проблемы, поиски, решения: сб. тр. - Кемерово, 2006. - С. 153 - 158.
2. Obuchowski W. Ocena przyda t no sci ziarna odmian prizenicy twardei I zwyc-zajnej do produkcjiA makaronu/ Rachon Leszek. Dziamba Szymon/ W. Obuchowski / Kotodziejczyk Piolz // Ann. UMCS. - 2002. - P. - 77 - 86.
3. Patil S.P. Grain protein content of some new aestivum and durum wheat genotypes under limited water supply// S.P. Patil, S.V/ Damame, A.R. Dhage,S.S. Ka-dam//Agr. Univ. 2003. - № 1. - P. - 44 – 46.
4. Колев Т. Проуѓапе на някой елементи от агротехнолята на твърдата пшеница сорт възход/ Т. Колев, М. Янев // Растениевъд. науки. — 2002. — № 1/2. — С.-31 -35
5. Әрінов Қ.К. Монография. «Солтүстік Қазақстан бидайы». Астана, 1998.-211 б.
6. Гордеева Е.А. «Агротехнические приемы и качество семян яровой твердой пшеницы при орошении в зоне сухостепной зоны Северного Казахстана». Диссертация. Ақмола. 1996 ж.-115 б.
7. Мұсынов Қ.М. Монография. «Озимые зерновые культуры на Севере Казастана». Астана, 2007 ж.-136 бет.
8. Аринов К.К., Мұсынов Қ.М., Тютенов А.Х. Предшественник, сорт, урожай и качество зерна яровой пшеницы// С.Сейфуллин атындағы Қазак агротехникалық университетінің ғылыми жаршысы. 2003.-Т.3, №8.- Б. 51-60.
9. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Әрінов Б.К. Сравнительное изучение новых по скороспелости сортов яровой мягкой пшеницы Карагандинской селекции//Алтай мемлекеттік аграрлықуниверситетінің ғылыми жаршысы. 2007. №6(32).-Б. 9-11.
10. Мұсынов Қ.М., Әрінов Б.К. Утельбаев Е.А. Әртүрлі сепкіштерді колдануда фосфор тыңайтқышының жұмсақ бидай сорттарының өнімі мен

технологиялық сапа көрсеткіштеріне әсері// С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылыми жаршысы. 2012. № 2 (73).- Б. 119-123.

11. Яцюк С.В. «Формирование урожая и качества семян сортами яровой твердой пшеницы в условиях сухостепной зоны Северного Казахстана». Диссертация. Астана. 2008 ж.-140 б.